

**Шымкент қаласы білім басқармасының
Политехникалық колледжінің
"Радиоэлектроника және байланыс"
бөлімінің студенттер жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1**

Қатысқандар саны: 19.

Өткізілген уақыты:

"4" 09 2024ж.

Өткізілген орны 322 кабинет

Күн тәртібінде:

1. Оқытушылардың 2024 – 2024 оқу жылына дайындығы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.
3. Топ жетекшілердің «Адалдық сағаты» атты ашық тәрбие сағатын өтуі.
4. Кураторлық журнал .
5. Студенттік билет, сынақ кітапшасы.
6. Әртүрлі мәселелер.

Сөз сөйледі:

Бөлім меңгерушісі Ж.Матиев сөз алып жаңа оқу жылы дайындығы туралы сөз қозғады, студенттердің сабақтан калмауын ескертіп, тәртіпті қадағалауын тапсырды.

Қоғамда жол жүрісі қауіпсіздігі проблемасының өткірлігін, жол жүрісіне қатысушылардың құқықтық санасы мен мәдениетін түбегейлі өзгерту мақсатында Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК өтетін іс-шаралар жұмыс жоспарымен таныстырды

Кураторлық журналды, жаңа оқу жылына толықтырып, жаңа топтарға журналды толтыруды ескертті.

Колледж ішінде түрлі себептермен кез – келген мерекелік іс – шараларға, мекемеге қажетті кеңсе заттарымен шаршауашылық заттарын сатып алу және тағы басқа мақсатта ата – аналардан, ата – аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол беру мәселесі қатаң түрде тиым салынуы жөнінде түсіндіріп ескерту жасады.

Ата – аналарға арналған жаднама бойынша топ жетекшілер студентпен және ата – аналармен тығыз байланыста болып, жаднамамен танысқандығы туралы қол қойып, өткізуді айтып өтті.

Жаңа оқу жылына студенттік билеттер мен сынақ кітапшаларына курстан курсқа көшу бұйрықтарын жазып, толықтыруды тапсырды. Әлеуметтік паспортты таратып, барлығын тізім бойынша, толтырып, уақытында өткізуді міндеттеді.

Студенттерге колледж ішкі тәртіп ережесін үнемі айтып отыруды, форма мәселесі бойынша да ескерту жүргізді.

Бөлім меңгерушісі топ тәлімгерлеріне берген тапсырмаларды уақытында орындау, жұмысқа кешікпей келу, апталық кезекшілікті уақытында атқару, студенттермен тығыз байланыста көп жұмыстар істеу керектігін тағы сол сияқты көптеген тапсырмалар жүктеді, келесі жиналыс күнін айтып кешікпей келуін тапсырды.

Бөлім меңгерушісі:

Хатшы:



Матиев Ж.Д.
Буркутбаева А.К.